

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 274 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 15 қаңтардағы N 22 Қаулысы

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 274 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Пилоттық жоба ретінде оның жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "ӨКК ҰК" АҚ) құрылысын және Астана қаласы оның орналасатын жері болып белгіленсін.

2. "ӨКК ҰК" АҚ қызметінің негізгі мәні мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру, кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарықты құру, инвестициялар мен инновациялар тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру, өңірлерді әлеуметтік дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ пайдалы қазбаларды, оның ішінде мынадай пайдалы қазбаларды: газды (көмір қабаттарынан өндірілетін метаннан басқа), мұнайды, уранды қоспағанда, кең таралған пайда қазбаларды барлау, өндіру, қайта өңдеу жолымен Ақмола, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын экономикалық дамытуға жәрдемдесу болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.15 N 752 Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

"ӨКК ҰК" АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне берсін;

"ӨКК ҰК" АҚ-ны оның орналасуы үшін ғимаратпен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп:

1) "ӨКК ҰК" АҚ-ның жарғылық капиталын республикалық бюджеттің қаражатынан 2000000000 (екі миллиард) теңге мөлшерінде қалыптастыруды;

2) "ӨКК ҰК" АҚ-ның жарғысын әзірлеуді және бекітуді;

3) "ӨКК ҰК" АҚ-ны Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді ;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының 1, 3-тармақтарында көзделген іс-шараларды орындағаннан кейін "ӨКК ҰК" АҚ-ға "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамын қосу жолымен оны қайта ұйымдастырсын.

5. Қоса беріліп отырған:

1) (алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.15 N 752 Қаулысымен);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар бекітілсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.15 N 752 Қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, екі апта мерзімде:

1) "ӨКК ҰК" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумның жобасын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп, жоғарыда аталған Жарлыққа және осы қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізсін.

7. Ақмола және Қарағанды облыстарының, Астана қаласының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 2007 жылғы 20 қаңтарға дейін коммуналдық меншік объектілерін түгендеуді аяқтасын және олардың нәтижелерін "ӨКК ҰК" АҚ-ның қарауына берсін; инвестициялық, инновациялық және өзге де жобаларды жүзеге асыру үшін "ӨКК ҰК" АҚ-ға коммуналдық меншік объектілерін беруді қамтамасыз етсін; 2007 жылғы 20 қаңтарға дейін:

инвестициялық, инновациялық және өзге де жобаларға қатысу үшін жер учаскелерін "ӨКК ҰК" АҚ-ға жеке меншікке немесе жерді пайдалануға беруді;

"ӨКК ҰК" АҚ-ның концессиялардағы үлесі сияқты жер қойнауын пайдалану құқығымен пайдалы қазбаларды әзірлеуге, өңірлік индустриялық және технологиялық парктерді ұйымдастыруға, шекара маңы ынтымақтастығы орталықтарына қатысуын;

жер учаскелерінің және ауыл шаруашылығы өндірісі ысырабының құнын инвестициялық, инновациялық және өзге де жобаларды іске асыру шеңберінде "ӨКК ҰК" АҚ-ның үлесіне жатқызуды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігімен бірлесіп, 2007 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде қордағы жерді, оның ішінде арнайы жер қорының; құрылыстан бос елді мекендердің; астында пайдалы қазбалар бар; өңірлік индустриялық және технологиялық парктерді орналастыруға арналған; олардың алаңы мен шекарасын анықтай отырып, шекара маңы ынтымақтастығы орталықтарының жерін түгендеуді аяқтасын және түгендеу нәтижелерін "ӨКК ҰК" АҚ-ның қарауына берсін.

8. Мүдделі мемлекеттік органдар қолданыстағы заңнамаға сәйкес берілетін активтердің құнын инвестициялық, инновациялық және өзге де жобалардың шеңберінде "ӘКК ҰК" АҚ-ның үлесіне жатқызуды қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулының 7-тармағы 1) тармақшасының нормалары мыналарға: мемлекеттік жер пайдаланушыларға; жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бақ өсіру, саяжай және жеке тұрғын үй құрылысы, бау-бақша мен жеке ауланы ұстау үшін; заттай гранттар ретінде; еркін экономикалық аймақтарға берілетін жер учаскелеріне қолданылмайды.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі А.Е.Мусинге жүктелсін.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 5 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 2 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.15 N 752 Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 5 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 2 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ - ы, 1 9 9 9 ж . , № 1 3 , 1 2 4 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің т і з б е с і н д е :

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-85-жолмен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"21-85. "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

к ө р с е т і л г е н қ а у л ы ғ а қ о с ы м ш а д а :

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 237-26-жолмен толықтырылсын:

"237-26. "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 377 Қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.